

Конысбай ӘБІЛ



Мол жардым
түсін жаскай
түсін енгізу...

Қонысбай ӘБІЛ

Мол жардым
тұсан жекелай
тұсан ендің...



АСТАНА - 2004

ББК 82.3(2 Қаз)
Ә 20

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Әбіл Қ.

Ә 20 Топ жардым туын жықпай тұған елдің ... —
Астана: Фолиант, 2004. — 392 бет.

ISBN 9965-619-23-9

Қазақстанның халық ақыны, айтыс өнерінің ақтандегері Қонысбай Әбілдің бұл кітабына кейінгі жылдары жазған тың туындылары, таңдаулы айтыстары, термелері мен жыр-толғаулары, сондай-ақ сатиралық өлеңдері мен ел арасында кең тараған әзіл-қалжындары топтастырылған.

Кітаптың мазмұны қызықты, оқуға жеңіл, танымдық мәні терең.

Ә 470250205
00(05)-04

ББК 82.3(2 Қаз)

ISBN 9965-619-23-9

© Әбіл Қ., 2004.

© “Фолиант” баспасы, 2004.



АЙТЫС – АРҚАЛЫЛАРДЫҢ ӨНЕРІ алғысөз орнына

Ақындық айтыс атам заманнан дәстүр болып жалғасып, классикалық түрге ие болды. Кешегі Кеңестер кеңістігінде айтыс үш-ақ халыққа – қазақтарға, қырғыздарға, қарақалпақтарға тән. Шет елдерден Мадагаскар аралының бес халқы маңындағанда айтыс атамыз. Ол елде ешбір той-мереке, салтанат, жиын-хат – теңсіз; яғни, тапқырлардың жарысынсыз өтпейді екен. Айтыс бірнеше сағатқа созылады. Сол үзақ уақыт ішінде тақырыпты да, үйқастарды да, саз-өуенде де бір рет қайталамайды. Біздің айтыстан тағы бір айырмашылығы: әркім өз қарсыласына алты жолдық өлеңмен жауап қайырады. Өлеңдегі үйқас жүйесі де ерекше: бірінші жол, үшінші және төртінші жолдармен, ал екінші жол бесінші және алтыншы тармақтармен үйқасуы шарт. Біздің айтысымыз оның қасында ойыншық тәрізді көрінуі мүмкін.

Алайда...

Айтыс – ақындық қиял үшқырлығы мен парасатты тапқырлықтың, биік білгірліктің және өмірге деген өрісті әрі оптимистік көзқарастың самағасы.

Айтыс – жаршы һәм насиҳатшы жанр.

Айтыс – жауынгер жанр, күрескер жанр.

Өшіп барып қайта жанғандай, өлеусірегеннен қайта тірілгендей болған жанр, қазір соңғы жылдар ішінде айтыс өнері әжептәуір өркен жайды, өрісін кеңейтті.

Телевидениенің көмегі арқасында миллиондаған көрермендер қызықтайтын тамашаға айналуда, тәрбие мектебі ретінде тағылымын талай

жүртқа жаюда. Қазақстанда өткізіліп жатқан айтысқа бауырлас республикалардағы және Отаннан тыс жерлердегі қандастар ғана емес, өнерсүйгіштер де ықылас аударуда. Қазақстанның халық ақындары Манап Көкенов, Көкен Шәкеев екеуі бір төбе болса, олардың із-өкшесін баса сурылып шығып, сұлу жырдан маржан тізген Эсия Беркенова, Қалиқан Алтынбаев, Шолпан Қыдырниязова, Надежда Лушникова, Шынболат Ділдебаев, Эселхан Қалыбекова, Көpbай Омаров және тағы басқа жүйріктердің дабысы қиян-қырыларға жетуде. Айтыс өнерінің айлар, жылдар санап арнасын тереңдетіп, көркемдігін құлпыртып, айшықтануына қызыққан қырғыз бауырлар өздеріндегі айтыс өнерінің ойдағыдай насиҳатталуына өкпе-наз да айтады... Айтыс өнеріміз негізінен алғанда дұрыс дамып, таланттар тобын көбейте түсіп, кең көлемде өріс жайып келе жатыр деп айта аламыз. Осы пайымдауымызға байыпты пәтуа боларлық бір творчествоны сөз етсек те жеткілікті сияқты. Бұл күндерде айтыскер ақындарымыздың орта буынына жататын ақын Қонысбай Әбіл құлаш сілтесі қыруар, дүйім жүртқа жақсы таныс, сүйсініс тудырар сұлу сипатта. Оның өнердегі ізденісі мен биігі ризашылық тудырады. Отыз жастағы Қонысбай Әбіл айтыскерлер сайысында алғаш рет 1984 жылы Кенен Әзірбаевтың жүз жылдық тойына арналған жыр сайысында республика жүртшылығына төбе көрсетті. Оның үлкен өнердегі бетін әсем жырмен бірге туған Эсия Беркенова ашты. Майталман әпкесімен жарыста жарасымды дарындылық таныта бастаған жас талапкерге жамиғат қол соқты, болашағына зор үміт артты. Содан бері уақыттар аралығында сан сайысқа түсті, сол сайыстарда көп олжа алуындағы қолтаңбасына қарасақ, айтыскер жайында мынадай ойлар түйсек дейміз. Қазір Қонысбайдың бір басында сәтімен тоғысқан нешеме қасиет бар: табиғи ақындық, талант, композиторлық қабілет, домбырашылық — әншілік және эрудиция. Ең алдымен про-

фессионал ақындықты төкпе ақындықпен тығыз қабыстырган азаматқа көп жылғы журналистік жүйріктігі келіп қол ұшын ұсынады. Бұл үшеуіне білікті эрудиция қосылғанда тапқырлыққа, айтыстыққа, ұшқырлыққа қанат бітірсе, музыканнтық мықтылық айтыскерлікті өуенмен өрлендіріп, асқақтады. Ешкінің асығындаш шапаты шымыр иірілетін шалттық бір көргеннің де көзіне тусаді-ақ!

Оның әр алуан ырғақпен, әр қылыш өуенмен айтысты қыздыруы да үлкенге һәм кішіге өнеге үлгі болар үрдіс. Бусанғанмен бұрлықпау, шамданғанмен шытынамау, қысылғанда да қипақтамау айтысқа түскеңдердің бәрінің қолынан келе бермейді. Ал, жаңа ғана мен тізген мінезділік Қонысбай бойынан табылуы да айтыскер ақын абыройын асыра тусаді. Менің сырттан бақылауымша, Қ. Әбіл турнирге қатысушы шахматшы сияқты айтыс алдында әр қырынан ізденіп, кезең-дәуір талаптары тұрғысынан толғанып, ойлар түйетінге үқсайды. Оның пайымдаулары бағытты әрі арналы келетіні содан. Толғамды ойы бар ақын айтыс барысында айшықты сөйлеуді өзі біледі.

Меніңше, айтыс ақыны әлеумет алдында үйқас – үйлесімдер таба алмай кідірмейді, көпті үйытар ой, қарсыласқа бас иілтер уәж таба алмай мұдіреді.

Сайысқа сайланып келген саңлақ қапылысқа аз ұрынады, ұрымтал тұстарда ұтқыш келеді. Қонысбайдың қарымы мен шалымын мен айтыстың әділқазылар алқасы мүшесі ретінде де жақыннан бақыладым, көрермен ретінде де көңілге түйгенім аз емес сияқты. Жүйріктің айтыскерлік үлгісіндегі басты нышан елдікті нысанан етіп сөйлеуі деп білем. 1984 жылы ақындық майданына алғаш шыққанда да сол сапа берген. Әсияға Қонысбайдың былай дегені көптің есінде:

Зергері қара сөздің Би-аганы;
Тарихтың өзі де еске жиі алады.

Алыстан атын естіп біреу келсе,
 Жерлестер жерге қарап ұялады.
 Еркесі сахнаның Ел-ағаны,
 Қазақтай халық қана бере алады.
 Елеусіз оны-дағы тастадың ба,
 Болған соң ауылдікі, ел адамы.
 Тағы да бір ұлың бар Серке деген,
 Халқына тұңғышындей еркелеген.
 Талантпен кеудесіне жұлдыз тақты,
 Ақындар арнады оған көркем өлең,
 Ертерек таусылмаса алар демі,
 Әлі де жұлдыз болып жанар ма еді?!

Торғайдың театры болмағанда,
 Білмеймін ол да атаусыз қалар ма еді...

Ақынға алдымен керек азаматтық деген осы
 емес пе?!

Қонысбайдың Көкенмен айтысын тыңдаған-
 дардың жаппай айызын қандырган мынадай өткір
 өлең жолдары да ұмытылмас болар:

Көкшені мен жасымнан сүйген едім,
 Көнілге қасиетін түйген едім.
 Тілімді топ алдында тигізуге,
 Ақаның аруағынан именемін.
 Сонда да жалғыз ғана айтарым бар,
 Демеймін: "Мен көрген соң байқадындар".
 Кокчетав, Айыртав пен Сандықтавқа,
 Өз атын құдай үшін қайтарындар.

Тағы да өлеңіне тапқырлықпен қоса жылы юмор
 көрік беретіні де сүйсіндіреді: Әселханмен айты-
 сында ақын әпкесінің:

— Бөркіне үкі тағып келгенінде, үкілі Үбырай
 болам деп жүрсің бе? — дегенінде:

— Сөз айтса бір-бірінің көркін елеп,
 Ойлаушы ем ақындардың еркі ме деп,
 Әселхан, тал бойымнан мін таба алмай
 Ақыры тиістің-ау бөркіме кеп.

Бөрікке үкі тағу – ырым шығар
Демеймін оны үлкен мінім шығар.
Үкілі Ыбырайдай болмағанмен,
Қайратқа еліктеген түрім шығар.
Дегенмен: "Сөз шымбайға батады ма?",
Көлеңке, түсірмессің атағыма.
Ана жыл Қостанайдың Әсиясы,
Тиісті топ алдында шапаным.
Жігітке жақсы киім нұқсан ба екен,
Мәнісін бүйірмасын ұқсам бөтен.
Дұрысы қыздарменен айтысқанда,
Мәйкішен, домбыра ұстап шықсам ба екен?

Ұшқырлық, қаршыға қарымдастырылған шынайы айтыскерлерге тән десек, 1987 жылғы көктемде өткен Қарағандыдағы айтыста Шымболат ағасына табан астында қалт жауап қатқаны соның дәлеліндей.

Женсем деп Қонысбайдай қиялдайсың,
Шүйілсем, күлкінді сен тыя алмайсаң.
Торғайға Тұрымтай деп тіл тигіздің,
Батырдың аруағынан ұялғайсың

Келісті, кестелі сөзді табаққа алтын төккендей сауылдату – сирек құбылыс. Жарасымды жаңа сөз байлаулар Қонысбайда аз емес. Өрі қарсыласының қасиетін қастерлей отырып, қаржасу да мінезділік, өнер мінезділігі. (Осы көптеген айтыскерлерге жетіспей ме деп қалам):

Соңынан қаптай еріп халық жүрді,
Қол бұлғап шекарадан қалып жүрді.
Өзінді қолдарынан бір түсірмей,
Отындей олимпиада алып жүрді.

Адамды Олимпиада алауына теңеу атымен жаңа бейне! Немесе Көкшетау хұсни-қырмызылығын сипаттағанда:

Шыңына өрлей өскен қалың ағаш
Ыбырай үкісіндей жарасады, —

деп үкілі Үбырай аруағын бір көтеріп тастағандай. Танылған талант Қонысбай Әбілдің айтыскер ақын ретінде құрметке бөленуі бүкіл халқымыздың биік өнері — айтысқа деген ықылас-пейілі деп қараймыз.

Мұзатар ӘЛІМБАЕВ
Қазақстанның халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты



*"От салуна
стемнѣхъ хакида
честій"*



Кашкынау бол ачыла, калага да,
Кара жолда бір чи түр дарапана.
Кара көстенің иесі - кара казаку,
Касымтайтын ханға да, каратса да.
Карасудату карқаны қайтқан кезде,
Кас каратын түсінің кара бала.
Касиетін кара олең коса емізген,
Күлапана күдана карат ата...



ЖОЛ БАСЫ (қысқаша өнербаян)

БІРІНШІ ӨЛЕҢ

Адам кейде өз бойындағы ерекше қабілетіне жете мән бермей жүре беруі мүмкін. Әсіресе, әлі де ойын қызығынан арылмаған бала кезінде. Сондай сэттерде тағдырдың жазуымен бір жағдайлар себепші болмаса "жабулы қазан жабулы" күйінде қала бермесіне кім кепіл.

Мен бесінші сыныпқа баарда анамның жалғыз ағасы Сәбден көкем Аязбек атты баласын біздің үйде жатқызып оқытатын болды. Көзінің астымен сүзе қарайтын, үнемі өкпелеп жүргендей әсер ететін екі үрты томпиган толықша бала. Көздері сондай өткір, тесіле қарағанда амалсыз жанарынды аударып әкетесің. Өзімен бірге ала келген дүниесінің басы — тығыздалып толтырылған екі қапшық. Ашқанда көрдік, іші толған кітап екен. Менің таң қалғаным — көпшілігі жыр жинақтары.

Аязбек менен бір сынып жоғары оқитын болып шықты. Бір күні екеуміз үйде оңаша қалғанда:

— Давай, өлең жазайық! — деді жұлып алғандай.

Мен екеуден-екеу армансыз ойнап, құмардан бір шығармыз деп ойлағанмын, "ол не нәрсе?" дегендей бетіне таңырқап қараппын.

Сол-ақ екен Аязбек маған өлеңді қалай жазу керектігі туралы ұзак дәріс оқып таstadtы. Мені ғажап қылдырғаны, қаршадай баланың поэзия құпиясын бір кісідей менгергендігі еді. Тіпті, үйқас түрлеріне дейін тәптіштеп айтып берді. Сөзінің соңында өзінің "Шын достық" деген өлеңін дауыстап оқып шықты.

Қысқаша мазмұны: бір бала жар жағалап келе жатқанда аяғы тайып кетіп, асау өзенге құлап

түседі. Жанында келе жатқан жолдасы өзі малту білмесе де, суға ойланбай қойып кетіп, досын ажалдан арашалап қалады. "Сонда оларды аман алыш қалған достық деген ұлы сезім еді", — деп аяқталады өлең.

Бұл өлең мен үшін керемет жазылған болып көрінді. Соны жазған мынау томпиған қара бала дегенге сенгің келмейді.

— Мен не жазамын? — дедім сасқанымнан.

— Кез-келген тақырыпты алуыңа болады. Аспан, жер, өзен-су, Отан...

— Ал, уақыт өткізбей кірісейік, — деді Аязбек "сөз осымен бітті" дегендей.

Өзі анадай жерге етпетінен түсіп жата қалды да, алдындағы дәлтерге бұрқыратып жаза бастады. Анда-санда тостағандай көздерін төбеге төңкеріп тастайды да, ары қарай жалғайды. Мен: "Бірнәрсе жазулы тұрған жоқ па екен?" — деп төбеге де қарап едім, тап-таза.

Қимылсыз жата беруге қысылып, ақ қағаздың ортасына "Аспан" деп жаздым да астын екі сызып қойдым.

Аязбек анда-санда көзінің астымен маған қарап қояды. Көздері ұшқын атып, жүзі нұрланып кеткен.

Аспан, аспан, нұрлы аспан,

Терен ойлы сырлы аспан, — деген алғашқы егіз жолды өмірге келтірдім.

Қаламымның үшін мұжіп біраз жаттым да:

Қызыға саған қарадым,

Бірақ сенің ашылмайды қабағың, — деп жағастырдым да үлкен шаруа бітіргендей астына "Қ. Искендеров" деп қол қойдым. (Мектепте оқып жүргенде менің аты-жөнім солай жазылатын.)

Аязбек оқып шығып:

— Беталысың жаман емес. Бірақ өлең аяқталмай тұр. "Аспанның қабағы не себепті ашылмай тұр" соны дәлелдеп көрсетуің керек, — деді.

"Мынасы бір пәле болды ғой" дегендей қиналған түрмен өз орныма беттедім.

Білем, білем, сонау соғыс жылдары,

Қаза болды талай Отан ұлдары, — деп тау құлатқандай болып тағы да қолымды қойдым.

Аязбек көңілімді аулап арқамнан қағып қойды да:

— Енді өлеңде түйін деген болады. Автордың қорытындылауы керек, — деп тағы да қайтарып берді.

“Өлең жазам деп басыма жұмыс сатып алыш нем бар еді” деп уайымдай бастадым.

Ежептәуір уақыт қиналғаннан кейін барып:

Қамықпа сен, қабағынды аш,

Жауың иді тізеге бас.

Бейбітшілік жауларға қақпан,

Жасай бер, мәңгі аспан! — деп дәу леп белгісін қойдым.

— Міне, енді мұның өлеңге ұқсайды. Алғашқы қадам үшін жаман емес, — деп Аязбек мәз болып қалды.

Екеуміз өлеңімізді табан астында хатқа салып, аудандық “Жаңа өмір” газетінің редакциясына жолдап жібердік.

Қанша күткенмен өлеңіміз жарық көре қоймады. Бір күні редакцияға түскен өлеңдерге жазылған шолуды оқып отырсақ, мынадай жолдар жүр екен.

“Қызыләскерлік мектеп оқушылары Қоныс Іскендеріров пен Аязбек Сәбденовтың өлеңдерінде сырттай қызығушылық болғанымен, терең мазмұн жағынан ақсап жатыр. Алайда, біз бұл жас ақындардан үміт күтіп, редакцияға өлеңдерін жолдап тұруларын сұраймыз”.

Біз қолды бір-ақ сілтедік те, “Жаңа өмірге” содан кейін өлең жібермейтін болдық. Енді “Қазақстан пионері”, облыстық “Коммунизм таңы” газеттерін, “Балдырган” журналын нысананаға ала бастадық. Бір қызығы көп кешікпей балғын жырларымыз дүркін-дүркін жарық көріп жатты. Бұл бізге қанат бітіріп, ақындық жолға біржола ден қоюға әсер етті.

Жетінші сыныпта оқып жүргенде жіберген бір топ өлеңімді “Ара” журналы шырайымды шығарып, “Қонаққадеге” беруі менің ақындық атымды аспанға бір-ақ көтерді.

Өкінішке орай, жасы құралпы болғанымен жыр жолындағы алғашқы ұстазым Аязбек Сәбденов-

тың ғұмыры өте қысқа болды. Кенеттен жабысқан дерптің салдарынан 19-ақ жасында өмірмен қош айтысты. Қазақ жырының бір жас өркені осылай үзілді.

Амал не, мен қаламdas жас достарымның бірқатарымен ерте қоштастым. Деңгейлес оқып, газете жарияланған өлеңдеріміз арқылы танысқан Закария Абдрахманов та 19-ақ жыл өмір сүрді. Закария ән жазумен де айналысатын.

Егіздің сыңарындағы бол өскен екі үйге кезек қонатын, жарыса өлең жазатын бір жылғы төл Марат Нұрқалиев досым 33 жасында қайтыс болды.

Кейде маған мен солардың көрмеген қызығын көріп, солар жетпеген алыстарға өздері жаққан жыр алауын жеткізуім керек секілді көрінеді.

Кім білген, бәлкім пендешліктен туған ой шығар. Бірақ менің бүгінгі азды-көпті дәрежеге қол жеткізуім сол қыршын кеткен қаламdas достарымның арқасы екендігі ақиқат.

ТҰҢҒЫШ ЭН

1969 жыл болатын. Ол кезде бір композитордың сәтті әні шыға қалса, эфирден күніне сан рет шырқалып, өртше тарайтын. Тіпті сол кезде қазақ радиосында жаңа ән үйрететін арнайы хабар болғандығы есімде. Жаңа әннің мәтінін жаздырып, әуенін қайта-қайта айтқызып, көпшіліктің үйреніп алуына көмек жасайтын.

Ескендері Хасанғалиевтың сол тұста шыққан "Анаға сәлем" әні де бірден көпшіліктің көңілінен шығып, халық болып шырқап журді. Сол ән радиодан орындалған сайын менің анам: "Шіркін, осындағы ән жазған жігіттің шешесінің не арманы бар екен", – деуші еді ризашылық сезімімен. Тіпті, ән неше рет шырқалса, менің анам да әлгі сөзді соншама рет қайталаушы еді.

Анамның осы сөздерінен кейін менде "Шіркінай, мен де осындағы бір ән жазып, анамды риза қылсам фой", – деген арман пайдада болды.



Сол жылы жазда каникул кезінде ораққа мініп, шөп шабу науқанына қатыстым. Тракторға тіркелген шөп орағының үстінде селкілдеп келе жатып, ішімнен ыңылдалап, ән жазбақ болып әуреге түсемін. Алайда, жүрегімді мазалаған әуендер бір арнаға түспей, бет-бетіне шашырап, әбден шаршатты. Сонын "Бұл өнбес тірлікті дөгарайын" деп шешкем.

Бір күні түстік ас ішіп отырған кезімде қолыма "Қазақстан әйелдері" журналының 1969 жылғы үшінші нөмірі түсे қалды. Эйелдер күніне шығарылған арнайы нөмір мұқабасының ішкі бетінде "Бала махаббаты" деген үш шумақ өлең жарияланыпты. Авторы Тұргали Жетесов деп көрсетіліпті, Қарақалпақ АССР-інде тұрады екен.

Бір гажабы осы жыр жолдарын оқыған сайын көкірегімдегі жүйеге түспей жүрген белгісіз әуен бірқалыпқа келгендей болып көрінді. Іңылдалап көрсем — тәп-тәуір сияқты. Тек бірнәрсе жетіспейтіндігі байқалды. Ақыры қайырмана сөзді өзімем жазуға тұра келді.

Содан шөп орақтың астына қалай түсіп қалмамыма осы уақытқа дейін таң қаламын. Гүрілдеген трактор даусын естуден, ойқы-шойқы шабындық табандарын сезінуден қалдым. Күні бойы өзімнің жүрегімді жарып шыққан әуенімді қайталаумен болдым. Қағазға түсіре қоюға нотадан хабарым жоқ. Үнтаспаға жазып сақтап қоятын магнитофонды ол кезде бізге кім берсін.

Ешкім өстіп пікір айтпаса да, өз көңілім толып, керемет ән жазғандай күйде жүрдім. Әсіресе, ана ма тыңдататынымды ойласам, менен бақытты жан жоқ секілді.

Орақ бітіп, алып-ұшқан көңіліммен үйге де келдім. Есіктен кіре сала домбырамды қолға алғып, олай қағамын, бұлай қағамын. Масқара болғанда, манағы шығарған әнімнің әуенін еске түсіре алсаңшы. Күн ойладым, тұн ойладым, апта бойы бас қатырдым. Бос әуре, тарс ұмытып қалыппын.

Іза болғаным соншалық, қолымды бір-ақ сілтедім. "Бәсе, маган қайдан композиторлық қона қалып еді, балалықтың шалығы екен фой".

Содан бері бір ай өтсін, үш ай өтсін. Бір күндері сызылған бір өуен санамнан кетпей қойғаны. Күн-діз-түні құлағымның түбінен ызындауды да тұрады. Қайдан естігенім есімде жоқ, өте таныс секілді. Бірақ өзім бұрыннан білетін әндердің біріне де үқсамайды.

Бір кезде бір тосын ой санамда найзағайдай жарқ өте қалды. "Апрай, мынау баяғы ұмытып кеткен өз әнім рой, "Бала махаббаты" рой..."

Бір ғажабы содан кейін бұл өуен мәңгілік ұмытылмай санамда жатталып қалды.

Ақшабақ атты апамның әп-әдемі даусы бар еді. Соған үйретіп, өзім гармонмен сүйемелде апама да орындалап бердік. Шешеме өте ұнады.

— Бұл кімнің әні, Қонысжан? — деп еді.

— Тұргали Жетесов деген композитордікі, — деп табан астында жалтарып кеттім. (Менікі еді деуге жүрек қайда?)

Сонымен Тұргали Жетесовтың "әні" ауылға тарала басталды. Мәрзия деген кластасым аудандық фестивальда айтуға дайындалып жүрген. Шындықты білетін үш-ақ адам бар. Мен, досым Марат (Нұрқалиев) және Сәуле атты концерт жүргізуші қыз.

Бірде қорытынды дайындық журіп жатқан. Тары да "Бала махаббаты" туралы сөз шығып кетті.

— Осы әннің авторы кім? — деп қабырғадан сұрақ қойды мектеп директоры.

"Ешкімге айтушы болма" деп өтінген Сәулеміз бізге қарап жымың-жымың үтеді. "Қал, бұлдірмесе жарап еді".

Ақыры Сәуле шыдай алмай:

— Ағай, бұл әнді жазған Қоныс, — деп төбеден түскендей етіп қойып қалғаны.

Бір сәт шыбынның ызыңы естілердей тыныштық орнады.

— Мүмкін емес. Мен радиодан естігем бұл Ескендер Хасанғалиевтің әні, — деді мұгалімдердің бірі.

— Ия, ағай, дұрыс айтасыз. Менікі емес, Ескендер әні, — деп мен көз жасыма ие бола алмаған күйде далага бір-ақ атылдым.

Бір қызығы сол жылғы аудандық фестивальда "Бала махаббаты" барлық мектептердің концерттік бағдарламасында орындалды. Бірі Шемшиңің, бірі Әсеттің, бірі Ескендердің әні деп хабарлап жатты.

Фестивальдің қорытынды концертінде мен құрама оркестрдің ішінде отырғанмын.

Қазылар алқасының төрағасы Қайырбек Алматов ағамыз:

— Құрметті, көрермендер! Екі күн бойы "Бала махаббаты" атты жаңа ән орындалды. Оның авторын әркім әртүрлі хабарлап жатты. Ал, шындығына келсек, ол әннің авторы — "Қызыләскер" совхозынан келген 8 сынып оқушысы. Орныңнан түршы, деп микрофон арқылы хабарлағанда көзімнің жасына өзер ие болып, орнынан зорға көтерілді...

Кейін ауызша таралған әнге ие болушылар Қазақстанның әр түкпірінен табылып жатқандығынан да хабардар едім. Мұратбек Жұнісбековтың орындауында жезқазғандық Игілік Омаровтың атынан күйтабақ болып та шығып кетті.

Кезінде нотага түсірттіріп "Қазақстан әйелдеріне" жібергенімде баласынып баспай қойып еді. "Сонда орынсыз күдік келтірмей көзді жұмып жариялад жібергенімде тұңғыш әнімнің жолы осыншама ауыр болмас па еді" деген ойға да келемін.

Ауылдың Сиса деген қызы Алматыға тұрмысқа шығып еді. Сосын жолдасы менімен танысқанда:

— Эскерде бір орыс жігітімен дос болдым. Гитараға қосылып, әнді тамаша айтатын. Қазақша айтатын екі әні бар еді. Бірі — "Той жыры", бірі — "Бала махаббаты". Егер сенімен жолығатынымды білгенде, магнитофонның таспасына жаздырып ала келетін едім-ау, — деп өкінгені есімде.

Қазір ұзын саны отыз шақты әнім бар. Алайда, анамның көзі тірісінде қойған ескерткішім — тұңғыш туындым "Бала махаббатының" мен үшін орны ерекше...

АЛҒАШҚЫ АЙТЫС

Әкем Іскендер 50-ге толмай, шешем Үрысты 40-қа жете бергенде өмірден өтті. Тіпті, екеуінің жасын



қосқанда 88-ақ жыл жасаған екен. Ешкім әкешешесін қанжығаға байлап жүрген жоқ қой, алайда 11 баланы өмірге әкеліп, бірде-біреуінің қызығын көрмегендігі еріксіз өкінтелді.

Жол ортасына келіп, алды-артыңа көз салғанда менің өмірімде айтыстың алар орыны ерекше. Мені халыққа танымал еткен де, азғана құрмет-беделге ие қылған да осы қасиетінен айналайын қазақтың айтыс өнері. Мен жалпы мектепте жүргендеге бірге оқыған достарыма табан астында құрастырып айтқан шумақтарымды еске сақтап жүргендер бар екен. Ал, студенттік кездерде де, ұстаздарымыздың көңіліне келмесін, жұрт жанталасып лекция жазып жатқанда, мен сабак үстінде тұран әзіл шумақтарымды жән-жаққа таратып отыратынмын.

Алайда, кейін осы айтыс жолына бел шешіп араласып, талай бәйгеде бақ сынаймын деген ой үш үйықтасам түсіме кіріп шықпағаны анық.

Университет бітіріп келген соң өзім қанат қаққан Жангелдин ауданындағы "Жаңа өмір" газетінде жұмыс істеп жүргенмін. Бір күні аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Қайырбек Алматов іздең жатыр деген хабар алдым.

Газеттің жауапты хатшысы болғандықтан "бір жерден қате тауып алды-ау" деген оймен есігін жасқана аштым.

Күнті көңілмен келген мені хатшы жарқылдал қарсы алды. Жұмысымды, үй-жайымды тегіс сұрастрырып жатыр. Бір кезде жұлып алғандай:

— Ал, айналайын, облыстық ақындар айтысона қатысуға дайындала бер, — деді басы жоқ, аяғы жоқ.

Мен абдырап қалдым.

— Ағай-ау, мен айтысып көрген жоқпын фой, ол қолымнан келмейді фой...

— Қолыңнан неге келмейді, — деп сөзіме жармаса кетті. Өлең шығарасың ба, шығарасың. Домбыра тартасың ба, тартасың. Ән айтасың ба, айтасың. Одан артық не керек. Соңдықтан сенен лайықты ешкім жоқ.

Облыстық айтыстарда жеңімпаз болып жүрген Таңатқан деген жездем бар еді, сасқанды соның атын атадым.

— Жоқ, біз саған тоқтадық, бірінші хатшымен де келісілген.

Мен амалсыздан сылқ ете қалдым. Содан бастап күндіз күлкі, түнде үйқыдан айырылдым. Өйткені халықтың алдына шығып, ауданның намысын қорғау оңай шаруа ма? Жеңіліп қалсаң ауданның басшысы мен қосшысынан бастап жер болып қайтпай ма? Оның үстіне менімен айтысатын амангелділік Батырболат Фазезовтың әкесі өлеңдастандары газет-журналдарға басылып жүрген белгілі ақын.

Алайда, шегінетін жер жоқ. Домбырамды шертіп, дайындық жасай бастадым.

Сол жылдары Торғай облысының бірінші басшысы Еркін Әуелбековтың бастамасымен жаз айында Иманов совхозының өсем табиғатында 3 күн бойы шопандар тойы өткізілетін. Ат бәйгесі, балуан күресі, ақындар айтысы өткізіледі. Озат малшылар марапатталады. Жыл он екі ай бір-бірін көре бермейтін, қыстан қысылып шыққан шопандар үш күн бойы той тойласп, бір жасап қалатын. Мен қатысқан 1980 жылғы облыстық ақындар айтысы мерекенің екінші күні басталды.

Жасыратыны жоқ, ол кезде ақындар алдын-ала жазып алып айтысатын. Алдындағы қағазын сулап қойып, аударыстырып отырғаны.

Мен сахнаға шыққанда қасымдағы қыз:

— Ойбай, ағай қағаздарыңыз қайда? — деді сасқалақтап.

Мен:

— Қажеті жоқ, — деп едім, бетіме таңдана қарады.

Менің қағазға қарамай айтысқаным халық да жақсы өсер етіп, ерекше қол соғып отырды. Олардың ықыласына қанаттанған мен де көзіме іліккеннің бәрін табан астында өлеңге айналдырып, арқаланып кеттім.

Осыны аңғарған Батырболат та жазғанын оқыған сайын дауысы бәсендей, берекесі қаша бастады.



Сонымен не керек, бас бәйгеге тігілген кілем менің қолтығымда кетті. Алайда, қуанышымнан тебіренісім басым болған мен "енді айтысқа жоламаспын" деген ойға бекіндім. Бірақ, бұл алғашқы қадам үлкен өнерге бастаған адымым екенін, "Атқа міндиң, ажалға міндиң", – дегендей бір мәреге жеткенше "түсемін" десең де түсе алмайтындырымды кейін бір-ақ түсіндім рой...



"Кызыңз

кеңе

ме?.."



Көлемнә оң үшін жастан калап алдын,
Өзіне ақындастырылған калап алдын,
Қайранған нағысона тілім еткір,
Байқалай жақап кейсек - жарапармын.





СЫҚАҚТАР

КҰТСЫЗ ҚОНАҚ

Кездесіп қап құрдасым!

— Эй, үргашы!

(Менің атым Матай-тынды,

Жолдастарым осылай атайтын-ды).

— Жұрт сені әйелінен қорқады, — дейді.

Жұдырығын көрсетсе,

Алдына түсіп жортады, — дейді.

Сені бүгін сынамақпыз

Амандық болса түс ауа

Сіздің үйге құламақпыз.

— Беу, сабаз-ай,

Шамалыға селт етпейді-ау,

Сені де жұрт еркек дейді-ау,

Намыстансан,

Көшке берген тайынды ал,

Давай дайындал! - деді.

* * *

... Бұрын үйге ұрланып кіруші ем,

Осы жолы сұрланып кірдім.

Келсем,

Үй-іші жаңа оянып жатыр екен,

Әйелім айна алдында

Әлем-жәлем боп боянып жатыр екен.

— Э, көкесі, келдің бе?

Киіндірші Көшекті.

Жинай салшы төсекті! -

Деп бүйірды.

Мен мұрнымды шүйірдім.

— Қара мына періні,

Бұл тағы ненің желігі? —

Деп еді.